



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
АРАБТАНУ ЖӘНЕ ИРАНТАНУ КАФЕДРАСЫ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF ORIENTAL STUDIES
DEPARTMENT OF ARABIC AND IRANIAN STUDIES

«ПРОФЕССОР Ө.КҮМИСБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығына және ф.ғ.д., профессор Өтеген Күмісбаевтың
75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 3 сәуір 2014 жыл



MATERIALS

of the international scientific-practical conference

«PROFESSOR KUMISBAYEV'S CREATION AND THE ORIENTAL STUDIES PROBLEMS»

Almaty, april 03, 2014

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада қарым-қатынас үдерісінің ұлттық-мәдени компоненттерінің бірі болып табылатын туыстық атаулардың семантикалық ерекшелігі сөз болады. Әр халықтың қайталанбайтын ұлттық ерекшеліктерін, өзіне тән өзгешеліктерін құрайтын әдет-ғұрып лексикасы болатындығы белгілі. Туыстық атаулар соның басында келеді. Мақалада туыстық атаулар семантикалық тұрғыда талданып, сараланады.

Түйін сөздер: Туыстық атаулар, нақты қандық туыстық атау, нақты некелік туыстық атау, семантика, лингвомәдениеттану, гносеология, коннотация, этнос.

Туыстық – тарихи-этникалық ұғым. Оның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір этностың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен байланысты. Қазақ тіліндегі туыстық қатынастар мен атаулар топ-топқа бөлініп жүйеленеді.

Туыстық терминологиясы бойынша американ этнографы Л.Г. Морган тарапынан жүргізілген алғашқы зерттеулер аталған топқа кіретін сөздердің әлеуметтік институттардың, әсіресе отбасы мен некенің, ескі замандардағы жағдайы мен даму жолын реконструкциялау үшін маңыздылығын байқатты. Отбасы мен ру-тайпа тарихы үшін туыстық терминдерінің маңыздылығын Ф.Энгельс те жазған еді. Туыстықтың терминологиялық жүйесі тілші қауым үшін де қызғылықты. Себебі оның әлеуметтік дамудың заңдылықтарына бағытталған даму жолы тілде бейнеленеді, тіл заңдылықтарына бағынады.

Тіл білімі өзі қаншалықты көне болса, тіл мен этностық арақатынас мәселесі де соншалықты әріден келе жатқан, ежелден бар құбылыс. Тіл – этностың ең бір тұрақты, ең негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы, қосымша белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдырымен этнос тағдыры қашан да бір-бірімен тығыз байланысты деген сөз.

Этнолингвистиканың жеке мәселелері, тіл мен этнос екеуіне бірдей қатынас проблемалары алғаш рет В.Гумбольдтың, А. Потебняның, қазақ ғалымдары Ә. Қайдардың, Е. Жанпейісовтың, Ж. Манкееваның еңбектерінде қарастырыла бастады. Солай дегенмен, тек соңғы жылдары қолға алына бастаған этнолингвистиканың міндеттері мен зерттеу әдісі және объектісі, тіл мен этностың даму тарихын тексерудегі өзге де мәселелері толық қамтыла қойған жоқ. Ол жөніндегі ұғым- түсінігіміз көп ретте үстіртін деуге болады. Этнолингвистиканың қазіргі таңда халқымыздың жалпы рухани өмірін, талай ғасырғы ғылым жүйесін, ата салтын, ежелгі елдік қасиетін қайта түлетуде ерекше мән-маңызға ие болып отырғанын жете сезіну үшін оның негізгі ерекшеліктері мен мазмұндық сипаты жөнінен жан-жақты толық хабардар болуы керек.

Этнолингвистика басқа да ғылым салаларымен өте тығыз байланыста болады. Мысалы, академик Ә.Қайдар өзінің «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде этнолингвистиканың өзге ғылым салаларымен байланысын былайша топтастырып қарастырады: этнолингвистика мен мәдениеттану, этнолингвистика мен этнография, этнолингвистика мен этимология [1]. Бұлардың арасындағы қарым-қатынасқа жеке-жеке тоқталып өтеді.

Туыстық қатынастар мен атауларға байланысты ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі туыстық атауларды салыстыра отырып, жүйе-жүйеге келтіріп, жан-жақты талдаған, классификация жасаған М.Ш.Сарыбаеваның жұмысынан бұдан ертеректе жарық көрген жүйелеуде кездеспеген соны жаңалықтар, өте маңызды сапалық ерекшеліктер байқалады [2]. Сол себепті, М.Сарыбаеваның классификациясын негізге ала отырып, туыстық атауларды туыстық қатыстылығына қарай жеке-жеке бөліп алуды жөн көрдік. Алдымен, туыстық қатынастарға байланысты жүйелеуді анықтауға тырыстық. Туыстықтың типологиясы мағыналар жүйесінде нақты мағына ажыратушы семаларға сәйкес келетін параметрлер негізінде жасалады. Барлық мағына ажыратушы семалар денотативті мағынаны көрсетеді.

Туыстық атаулар өзіндік стилистикалық боямасы бар, қалыптасқан әдеби сойленістегі құрылымды көрсету және туыстықтың екі түрін атау үшін жұмсалады: нақты қандық (когнациялық) туыстық және нақты некелік (матримониалдық) туыстық. Осыдан келіп, туыстықты атаудың екі түрі айқындалады: а) нақты қандық туыстық атаулар (*әке, бана*); ә) нақты некелік туыстық атаулар (*әйел, әйкеу*). Қазақ тіліндегі туыстық атауларды қандас туыстық атаулар және некелік туыстық атаулар деп екіге бөліп қарастыру үрдісі алған. Қандық туыстық атауларды екіге бөліп қарауға болады:

1.Тікелей аға буын (*баба, ата, әке, әже, шеше, бапа, әти, жәке, ене, шеке*). 2.Тікелей кіші буын (*ұл, қыз, нашар бала, бала, жортпашақ, немере, ақтық, жиен, шөбере, немелтай, жиеншар, шөпшек, жасулық, немене, туажат, жүрежат, темене, көрбақ*). Жанама орта буын «ұрпақ ішіндегі аға буын» (*аға, ақа, ағатай, ана апатай, әпке*). Жанама орта буын «ұрпақ ішіндегі кіші буын» (*іні, інікеш, қарындас, демеген, сіңлі, сіңді*).

Некелік туыстық атаулар екі топтан тұрады. 1. Матримониалды, яки нақты некелік туыстық атаулар үшке бөлінеді: а) тікелей аға буынды некелік туыстық атаулар (*ене, кебе, мұрындық ене*); ә) бастапқы орта түрдегі некелік туыстық атаулар (*күйеу, әйел, әйкеш*); б) жанама орта түрдегі некелік туыстық атаулар (*абысын, бажса, бажай*). 2. Когнациялық, яки нақты қандық туыстық атаулар үшке бөлінеді: а) тікелей аға туыстық атаулар (*құда, құдағи, ақлай құда, жың құда, құдағай*); ә) жанама кіші буынды туыстық атаулар (*құдаша*); б) жанама орта буынды туыстық атаулар (*жезде, жеңге, жише*) [3].

М.Ш.Сарыбасваның пікірі бойынша, қазақ тілінде туыстық қатынасты білдіретін 147 терминологиялық бірлік бар. Олардың ішінде 105 бірлік когнациялық туыстықты, 42 бірлік матримониациялық туыстықты білдіреді.

В. Гумбольдт тілдің әлемді, адамдардың рухани күштерін дамытуға, көзқарастарын қалыптастыруға қызмет ететін құрал яғни дүниені тану құралы болып табылатындығын жазған еді [4]. Демек, В.Гумбольдт тілдің жетекші функциясы ретінде гносеологиялық, танымдық функцияны таныған. Тілдің танымдық табиғатын зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, тілдің дискурсивті және кумулятивті қызметі болады. Тілдің «дискурсивті қызметі» адамның ойлау іс-әрекеті кезіндегі динамикадағы танымдық қызметін қамтитын болса, оның «кумулятивті қызметі» статикалық қалыпта ойлауды мүмкін ететін зердеге, еске сақтау қабілетіне, адамның жадына сәйкес келеді. Демек, кумулятивтік қызмет өмір шындығы туралы жинақталған ақпараттың тілдік бірліктерде бейнеленуін, тіркелуін, сақталуын қамтамасыз етеді. Мұндай ақпарат тілдің барлық деңгейлерінде де жинақталып, сақталып отырады. Дей тұрғанмен, кумулятивтік қызмет бірінші кезекте лексика-фразеологиялық жүйеде көрініс табады.

Бір жағынан, тіл қоғамдық құбылыс ретінде нақты тілде сөйлеуші қауымға тән әлем жайлы ақпаратты сақтаушылық қызмет атқарады. Екінші жақтан, жеке адамның үйренген тілі - өзгеге ұқсамайтын ерекше өмірлік тәжірибені сақтаушы болып табылады. Сонымен бірге, жеке адамның санасында тілде сақтаулы қоғамдық тәжірибе де орнығады. Осы тәжірибені бізге жеткізуші ең басты бірліктер – сөздер. Сөз өз бойында әлем туралы ақпаратты сақтайды. Яғни әлемді сөз арқылы ғана іздеп табуға болады. Сөз – тілді тұтынушы, пайдаланушы қауымның ұжымдық жады, мәдениеттің ескерткіші, ұлттық өмірдің айнасы. Сөз - жинақталған ақпарат орталығы, білім-білік қоймасы. Сонымен, сөз - адамзат тәжірибесінің сақтаушысы, аккумуляторы болып табылады. Туыстық атаулардағы мәдени ақпарат жасырын, яки *имплицитті* сипатқа ие, ол тілдік мағыналардың арғы жағында жасырылуы. Тілдің атаушылық, бейнелеушілік және кумулятивтік қызметі туыстық атау құрамында ұлттық мәдени ерекшеліктердің түрлі көріністерін беруге, жинақтауға және бекітуге қабілетті.

Сөздің ұлттық мәдениетпен байланысты семантикасы «сөз мағынасындағы мәдени компонент» деп аталады. Тілдегі сөздер әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам өмірінің белгісін, оның материалдық және рухани мәдениетінің таңбасын сақтайды. Міне сондықтан да осы «мәдени мағына» сөз мағынасының айтарлықтай қомақты бір бөлігін құрайды. Мәдени мағынаның сөздіктерде айқын, ашық және жеткілікті дәрежеде ашылуы өзге тілді оқырмандардың тілді жақсы меңгеруіне мүмкіндік тудырады.

Мысал үшін айтар болсақ, отбасын құруға байланысты халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып, желісін үзбей жалғасып отырған салт дәстүрі бар. Бұл әдет-ғұрыптардың барлығы көбіне жастарды тәрбиелеуге, оларды отбасын құрудағы жауапкершілікке үйретуге бағытталады. Жастардың отбасын құруы, ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша *құдаласудан* басталады. Қазаққа *құда болудың* бірнеше түрі болған: бел құда, бесік құда т.б. Құдалықтың баянды болуы көп жағдайда қыз айттыратын жаушыға байланысты. Жаушы жөн-жосықты білетін, тілге шешен, сөзге жүйрік адам болуы керек. Жаушы жіберіп құдаласып, сөз байласқаннан кейін, екі жақ қалың мал кәдесі туралы келіседі. Қалың мал төлеу дәстүрі де көнеден келе жатқан әдеттің бірі. Жалпы, қазақ дәстүрінде үйлену тойлары екі кезеңге бөлінеді: бірі – қалыңдықтың ұзатылуы, яғни қызды шығарып салу тойы, екіншісі – күйеу жігіттің ауылында болатын той. Көнекөз қариялардың айтуынша ертеректе қалыңдық үйінен басына сәукеле киіп шыққан, ал болашақ қайын жұртының ауылына жақындағанда ауыл әйелдері алдынан шығып, шашу шашып, сәукелесін шешіп, басына шәлі, орамал салған.

Қазақ тілінің туыстық атауларға қатысты дәстүрлі этномәдени лексикасын концептологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, концептілер аясындағы нақты ұғымдардың мән-мағынасын ашу үшін сөзге қатысты барлық мазмұнды ақпаратты қамтудың қажеттігін анықтау қажет болды. Шындығында, сөздің мағынасын және оның алуан түрлі ассоциациялық байланыстарын бейнелейтін денотативті және коннотативті мазмұн. Олар өз ішіне көптеген лексикалық бірліктердің мағыналарын жинақтайды. Концептіде әрбір тілдік тұлғаның мәдени деңгейі іске асады. Концептінің көрінісі сөзде ғана емес, сөз тіркестерінде де, сөйлеудегі дискурста, мәтіндерде жүзеге асырылады. Қазақ мәдениетінің негізгі туыстық жүйесінде бекітілген тілден тыс білімдерді (аялық білім) тіл арқылы ашып көрсету қажет. Жалпы кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тек тілдік заңдылықтарға ғана сүйенбей, сонымен қатар, халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвоэтанымдық, лингвомәдениеттанымдық тұрғылардан маңызды. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың лингвомәдени сипаты семантикалық маңызға ие болатын белгілі бір әдет-ғұрыпқа, ритуалдарға байланысты болып келеді. Туыстық лексика құрылымында ұлттық ерекшеліктер айқындалады [5].

Көптеген туыстық атаулардың мәдени-тарихи қосымша мағыналары (коннотациялары) еліміздегі мемлекетқұраушы қазақ ұлтының өкілдеріне, әсіресе Қазақстанды мекендейтін өзге мәдениеттің өкілдеріне бірдей дәрежеде, бірдей көлемде белгілі емес. Халықтың мәдени өмірінен хабар ететін туыстық атаулар ерекше таңбалық жүйені құрайды. Ол жүйе жалпыұлттық семиотикалық моделдеуші жүйемен диалектикалық өзара байланыста болады. Тіл де осындай жүйе болып табылатындықтан, мұнда әлеуметтік ақпарат жүзеге асырылады. Демек, туыстық атау – әлеуметтік таңба. Туыстық атау – этномәдени (лингвомәдени) таңба. Ол лингвомәдени таңба ретінде өзінің тарихи-мәдени семантикасында түрлі мәдени қосымша мағыналарды (коннотацияларды) жинақтайды. Мәдени коннотация екі семиотикалық жүйені (тіл мен мәдениет) салыстырып, олардың байланыстарын жүзеге асырады. Коннотациялар сөз мағынасындағы ассоциативтік белгілердің бекітілуі арқылы пайда болады. Туыстық атаулардың мағыналарында пайда болатын және жасырын формада бекітулі болатын мәдени коннотациялар мәдениет типтерімен және олардың ескі әдет-ғұрып тәрізді таңбалық көріністерімен қатысты қаралады.

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998// Тарихи лексикология және этнолингвистика// Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. - Алматы, 1988.
2. Сарыбаева М.Ш. Система обозначения родства в английском, русском и казахском языках: дисс... канд.филол.наук. – Алматы, 1991. – 184 с
3. Диуанова Р.К. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері. Филол.ғыл.канд. диссер.авторефераты. Алматы, 2010.
4. Гумбольдт В. О сравнительном изучении языков применительно к разным эпохам их развития истории языка // Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. М.,1964.
5. Диуанова Р.К. а.а.е.// Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 175 б.

Г.Т. Жумадилова

старший преподаватель, Казахский национальный университет аль-Фараби,

Р.Э. Шупанова

преподаватель, Казахский национальный университет аль-Фараби

ВЛИЯНИЕ ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКА НА ПЕРСИДСКИЙ ЯЗЫК ИРАНА

Мақалада түрік тілінің парсы тіліне әсері, оның тарихи және қазіргі тілдегі қолданылысы туралы айтылады.

Түйін сөздер: ирантану, титулат, бейімделу, симбиоз, диглоссия.

This article is concerned on Turkish influence on Persian, its history and role in modern Persian.

Key words: Iranian study, titled, adaptation, symbiosis, diglossia.

Языковые контакты носителей тюркских и иранских языков наблюдались ещё с доисламских времён, хотя степень ранних устных контактов и двуязычия (билингвизма) не может быть